

Түсіндірме іс-шараларының хаттамасы

27.03.2023ж.

Атырау қаласы

«Атырау облыстық балалар ауруханасы ШЖҚ КМК 2023 жылдың 27 наурызында Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) маманы Динара Лукпанованың қатысуымен түсіндірме іс-шарасы өтті.

Тақырып- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру туралы» Заңын түсіндіру.

Өтетін уақыты: 2023 жылдың 27 наурызы

Өтетін орны: «Атырау облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК мәжіліс залы.

Өткізді: Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) маманы Динара Лукпанова.

Қатысқандар саны: 56 аурухана қызметкері.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің маманы Лукпанова Динара өз іс-шарасы барысында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының нормаларын түсіндірді, жиналған аурухана қызметкерлерін 2015-2025жж. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының негізгі бағыттарымен таныстырды.

Семинар барысында жана нормативті- құқықтық актілердің қабылдануымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы өзгерістер туралы жан-жақты айтып өтті.

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес субъектілерінің шеңберін және олардың өкілеттерін кеңейту туралы, қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық субъектілері сонымен қатар квазимемлекеттік сектордың қызметкерлері жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатынын, олар өз қызметі барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын қабылдау. Маман, бірыңғай тегін call-орталықтың жұмыс жасайтынын, 1424 қысқа нөмеріне қоңырау шалу арқылы кезкелген қазақстандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кеңес ала алатынын немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлай алатынын аурухана қызметкерлеріне хабарлады.

Сөз соңында маман қызметкерлердің қойылған сұрақтарына жауап берді.

Директор  Айтмухамбетов Н.А.

Хатшы  Абишева А.Т.